

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

VI том

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ӨОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

А 13

*Баспаға өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология,
өдебиеттану және өлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№1 хаттама 6 қараша 2015 жыл)
Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), Ө. Әбдиманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ө. Тарақ,
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының
жетекшісі), И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ө. Жапарова (хатшы)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ө. Тарақ**

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүреділ

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор **З. Бисенғали**

А 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. VI том. Ойлар мен толғаныстар /
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүр-
әділ; жауапты ред. З. Бисенғали; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев.
– Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 299 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)

ISBN 978-601-04-1680-2 (VI том)

Абайтану ғылымы бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Респуб-
ликасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай туралы сөз» топқауымен ашылған. Алтыншы
томға абайтану саласында тәуелсіздік тұсында жарық көрген таңдамалы еңбектер арнайы топтастырылған.

Кітап орта мектептің жоғары сынып оқушылары мен жоғары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен
білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

Том елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық әлеуетінің артуына, қоғамдық сананың
дамуына қызмет етеді.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы
аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӨОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)

ISBN 978-601-04-1680-2 (VI том)

© Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

АБАЙ ТАНЫМНАН – ТАҒЫЛЫМ

Биікте тұрған адамның көріп-білгенін сол дәрежеде көріп-білу үшін өзіңнің де сондай биіктікке көтерілуің қандай қажет болса, адамзат ақыл-ойының биігіне көтерілген даналардың қалдырған мұраларын танып-білу де зерттеушісінен солардың деңгейіне көтерілуді сондай қажет етеді. Ең болмағанда олардың таным сарайының босағасынан сығалап қарауға мүмкіндік берер білімнің болуы міндет. Онсыз оларды оқығанмен өз дәрежесінде түсіну, танып ұғыну қиын болмақ. Халқымыздың ұлы перзенті Абайдың:

Білімдіден пыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз, –

деуінің мәні де осыған саяды. Абайды тану үшін, оның таным дүниесінің байлығынан тағылым алу үшін, айтқандарын бар болмысында дұрыс ұғынып, түсіну үшін бізге мол білім керектігі де содан.

Қазақ халқының Абайға дейін де, Абайдан кейін де ақынға кенде болған жері жоқ. Ақындық талант қуаты одан артық болмаса, бір де кем емес небір сөз дүлдүлдерінің болғанына тарих – куә. Бірақ солардың бәрінен Абайдың атын оздырып, даналық тұлғасын даралап, кемеңгерлік тұғырына көтерген де – оның өзгелерден ерекше білімділігі.

Қайғы шығар ілімнен,
Ыза шығар білімнен.
Қайғы мен ыза қысқан соң,
Зар шығады тілімнен, -

деп, ілім мен білімге қол арту арқылы өзгенің білмегенін біліп, көрмегенін көріп, өз заманының аяр саясатының қырық қыртысын, алпыс айнасын аңғарған – Абайдың көрегендігі.

Ол – орыс патшалығының отарлау саясаты сахарада салтанат құра бастаған кезде өмірге келіп, бейбіт елдің басына тәуелділік ноктасы бір жола кигізіліп, езгіге түскен кезінде тіршілік кешті. Отарлау саясатының ежелден қалыптасқан ескі тәсілдерінің бірі – отарланушы елдің ішкі қуат көзі – этникалық тұтастығын айырып, тайпаластар, руластар арасына іріткі салу екені белгілі. Осы мақсатта жоспарлы жұмыс істеген патша өкіметінің әкімшілік аппараты бірді бірге айдап салып, кеңқолтық бейқам қазақтар арасынан паракорлар мен пәлекорлардың, жағымпаздар мен жандайшаптардың жауыннан кейінгі санырауқұлақтай қаптап шығуына жол ашты. Мұның бәрін отаршыл саясат қазақ арасында жер дауы, жесір дауы, құн дауы, барымта тәрізді ескілікті әдет-ғұрыптың қаймағы бұзылмай сақталуына көмектесу арқылы жүзеге асырды. Рушылдық өртін өршітіп, елдің сол баяғы ескі қалпын сақтап, күйкі тірліктің күйбеңімен күн кештіріп, надандықтың тар шеңберінде ұстады.

Міне, Абайдың ел тірлігіне араласып, әлеумет қайраткері болып шыққан, ақындық өнерге ден қойған тұстағы бүкіл қазақ даласындағы жағдай осындай болатын. Осындай жағдай Абайдай алыпты өмірге әкелді, оны «мыңмен жалғыз алысуға» мәжбүр етті.

Патша өкіметінің әскери отарлау арқылы қазақ даласына ендей кіріп, бар билікті өз қолдарына алып, даланы басқарудың жаңа заңын кіргізуі бұрынғы ата-бабаның қолына қару алып, қарсы шабар қаһармандық дәуірінің өткенінің белгісі еді. Ендігі жерде ашық айқасқа шығу, соған шақыру халықты қырғынға ұшыратып, елдігінен біржола айыру болатын. Мұны Абай алдыңғылардың бірі болып ұқты.

Осы орайда сөзіміз дерексіз болмас үшін Абайдың Шорманның Мұсасының баласы Садуақастың әкесінің асына шақырған хатына қайырған жауабынан үзінді келтіре кетсек артық болмас. Онда ол: «Мұса арғын баласының ішінде қолынан іс, тілінен май таматын адам еді. Жаңа туып келе жатқан заманның қатпарлы құбылыстарын түсінген адам еді. Барамын. Басында құран оқимын. Асында боламын», – дейді. Міне, осындағы «жаңа заманның қатпарлы құбылыстарын түсінген адам еді» деген жалғыз сөйлем-ақ Абайдың қандай таным иесі болғанына куәлік береді.

Өйткені, біріншіден, заманның қатпарлы құбылысын өзі түсінбеген адам өзгенің түсінгенін кайдан білмек. Екіншіден, өзі түсінбесе, Абай мұны Мұсаны өзге қазақтан ерекшелер оның үлкен қасиеті ретінде бағаламас та еді. Ендеше, Абайдың «жаңа заман» деп, қазақ елінің жерін бірнеше әкімшілікке бөлшектеп, географиялық тұтастығынан, сонан соң адамын ауылға бөліп, этникалық бірлігінен ажыратып, сол арқылы биліктің екі тізгін, бір шылбырын өз қолдарына алған патшаның отаршылық саясатының нысапсыз жұлдырлығын, «қатпарлы құбылысын» айтып отырғаны хақ. Сондықтан да халық ретінде өзін-өзі билеуден біржола айырылған «қалың елі қазағының» не болары белгісіз ертеңгі күнінің қамын ойлаған қам көңіл Абай сол Садуақасқа хат жазған жылы:

Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын.
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың, –

деп күйіне жазды. Отаршылдық бұғауы буып, тар қапасқа қамалған халқының жарыққа шығар жолын іздеді. Мұратқа жеткізер үмітті жалғыз жол – ағартушылық, ұстаздық жол деп тапты. Сол кез аясы үшін расында да бұдан басқа жол да жоқ-тұғын. Сондықтан да ол өз міндетін халыққа қызмет ететін, адамды қайта тәрбиелейтін және қоғамды қайта құруға көмегі тиетін жаңалыққа шақыру, надандық шөлінде қалып сусаған «қалың елі, қазағы, қайран жұртын» адастырмай білім бұлағына жеткізу деп білді. Бұратана атанған халқын ояту үшін, жарыққа ұмтылту үшін тек ағартушылық іс атқару керектігін көрегендікпен түсінді. Сол заманның белгілі демократ-революционерлерімен пікірлес болған Абайдың шығармаларынан патшаға, оның жүргізіп отырған саясатына ашық қарсылықтың, күреске шақырған революциялық әсердің екпінді лебі еспейтіні де сондықтан. Бірақ оның есесіне Абай елінің еңсесін басып, ертеңіне енжар қаратып отырған надандықтың қапас қараңғылығына қарсы бітіспес майдан ашты. Абайдың айтулы күрескерлігі де осында! «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деп, ол өлеңдерімен де, қара

сөздерімен де «ғылым таппай мақтануға», озық мәдениеті бар өзге елдердің қатарынан «орын таппай баптануға» болмайтындығын ұрпағына өсиет етіп, надандықтың тұманын серпіп, білімділік жарығына шығуға шақырып үлгі-өнеге шашты. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп өзі айтқандай, бұл жолда қазақ жастарын ерінбей еңбек етуге, ғылым-білімге ұмтылуға шақырудан, жеке басының өнегесін үйретуден жалыққан емес.

Надандықпен күрестің басты құралы – білім. Білімсіздің қолы – қысқа, жолы – тар. Осыны бар болмысымен сезінген Абай егде тартқанына қарамастан жас шәкірттей білім жинауға кіріседі. Көп ізденіп, көп оқиды.

Бүгінге дейінгі абайтанушылардың зерттеулеріне қарағанда ата жұртының ауыз әдебиетінің уызымен ауызданып, оны мейлінше қанып ішкен Абайдың Шығыстың атақты шайырларынан – Фирдоусидің, Низамидің, Хафиздің, Баласағұнидің, Науаидің, Физулидің, Сағдидің, орыс ақын-жазушыларынан – Жуковскийдің, Пушкиннің, Лермонтовтың, Крыловтың, Некрасовтың, Салтыков-Щедриннің, Толстойдың; ойшыл демократтардан – Белинскийдің, Добролюбовтың, Чернышевскийдің, Герценнің; Еуропа ақындарынан – Байронның, Гетенің, философтардан – Сократтың, Дауанидің, Спенсердің, Спинозаның, Бокльдің, Милльдің, Дрэпердің; зерттеуші ғалымдардан – Рашид ад Диннің, Әбілғазы Баһадүрдің, Хондемирдің, Бинайдың, Уәлидің, Күхстанидің, Бабырдың, Бичуриннің, Аристовтың шығармаларын оқығанын көреміз. Әрине, кемеңгер ақынның оқығандарын осылармен шектеуге тағы болмайды. Өйткені бұлар абайтанушылардың өздері қол жеткізген материалдардан тауып, анықтап, суыртпақтап шығарғандары ғана. Ал әлі де қол жетпей, құпиясын қойнына басқан, аударылмаған, кезінде Абай және сол сияқты сауатты қазақтар оқыған араб, парсы, түрік тілдеріндегі шығармалар қаншама! Бұған енді ақынның таным деңгейін көтеруге игі ықпалын тигізген, кезінде жаздырып алып, оқып тұрған қазақ және орыс тілдерінде шығатын мерзімдік басылымдарды қосыңыз!

Абай нені, кімді оқыса да зерттеп, үңіле оқиды. Олардан жаңа үлгі алады, үйренеді. Алайда ол өрісі кең, өресі биік, тол-

ғауы терең, өз замандастарынан мойыны озық ой иелеріне, ірі мәдениет өкілдеріне тандана тамсанып, сырт еліктеуден аулақ тұрады. Оқудан алған рухани нәрдің бәріне сыншылдықпен қарап, оның ауысарлығы мен жұғысарлығын санаткерлік жолмен өзінше қорытып, тапқан асылын төңірегіне, келер ұрпағына қазақтық рух арқылы жеткізуге саналы түрде барады. Абайдың абайлық негізгі ерекшелігі де осында. Осы ерекшелік оның дүниетанымының дұрыс қалыптасуына көмектесті. Осы ерекшелік арқасында ол тек білім, терең білім ғана құбылыс пен болмыстың барша сырын жан-жақты қарастыру арқылы білік аясын кеңейтіп, өз халқы бастан кешірген әлеуметтік тәжірибеге сүйене отырып, бүкіл адамзаттың өткенінен дұрыс қорытынды жасай алатын тарихи саналылыққа жеткізерін біледі. Тарихи санадан айырылған ұрпақтың халқының ғасырлар бойы жиып-теріп өзіне аман жеткізген асыл қазынасын аяусыз шашып, аз мерзімде бәрінен жұрдай болып, сонымен де қоймай, өзге жұрттың қолынан шыққан игіліктің бәріне жатырқай не менсінбей қарап, қарадай рухани мүгедектікке ұрынатынын ұғады. «Адам алдын, артын, осы күнін – үшеуін де тегіс ойлап, тексеруі» қажеттігін сезеді. Ал бұл тарихи санаға тікелей тәуелді. Тарихи сананы қалыптастырудың бірден-бір жолы – өз ортаның, туған халқының, бүкіл адамзаттың тарихын білу, оларды бір-бірімен салыстыра зерттеу, сол арқылы адамдар мен халықтар арасындағы ұқсастықтар мен өзгешеліктердің түпкі сырларын жете түсініп, екеуін де достық пен жарастыққа, өткенді аңсауға емес ертеңінді армандауға қызмет еткізуге үйрену. Өз жұртына ұстаздық етуді мұрат тұтқан ұлы ақынның тарихшылдығы да, тарихи танымын кеңейтудегі ізденіс тәжірибелері де, міне, осы мақсат аясында өрбиді.

Абайдың ағартушылық бағыттағы өлеңдерімен бірге халқының түп тегіне үңілген «Бірі сөз қазақтың түбінің қайдан шыққандығы туралы» тарихи тақырыптағы мақаласы мен дін туралы ұғымын ғылыми жүйеге келтірген атақты «Отыз сегізінші» сөзін жазуында да осы игі мұрат жатыр. Сананы жетілтіп, халықты адамгершілікке, имандылыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеуде діннің үлкен рөл атқаратынын, соған орай ол туралы түсініктің дұрыс

болуын көздеген Абай бұл тақырыпқа бару үшін үлкен ізденістер жасайды. Соның нәтижесінде ол өзінің дінге деген көзқарасын қалыптастырады, ұғым түсінігін бекітеді.

Бұл ретте ақынның жаңа өріске шығуына бір Еуропаның ғана емес, бүкіл адамзаттың ақыл-ойының даму тарихын саралап көрсеткен, жер бетіндегі басты дін атаулының тарихына талдау жасай отырып, олардың ғылымға негіз болғанын, кейін діни догма мен ғылым арасындағы күрестің қандай жолдармен дамығанын нақты тарихи деректермен ашып түсіндіріп берген Нью-Йорк университетінің профессоры Джон Уильям Дрэпердің айрықша ықпал еткені байқалады. Жалпы Абай Дрэперді оқып, білуі арқылы дүниеге көзін жаңа ашқандай болады. Оның «Еуропаның ақыл-ойының даму тарихы» (1869 ж.) атты екі томдық еңбегі мен «Католицизм мен ғылымның арасындағы қатынас тарихы» (1876 ж.) деген кітабының әр тарауынан өзі білмейтін, бұрын еш жерден оқымаған соны тарихи деректерге ұшырасып өзінің таным аясын кеңейте түседі. Танымы кеңейген сайын бұрынғы түсініктің, бұрынғы өзі таныған дүниенің асты үстіне шығып, өзгеріске ұшырайды. Оның әйгілі «Күншығысым – күнбатыс, күнбатысым – күншығыс болып кетті» дейтіні де осы кез болса керек.

Бұл ретте Абайға кітап авторының, яғни, Дрэпердің өз пайымдауларынан гөрі оның шығармасында пайдаланған әлемдегі діндерге қатысты деректері көбірек әсер еткен тәрізді. Ол осындағы келтірілген нақты деректер арқылы дін атаулының бәрі де әр заманның өзінің таным-түсінік дәрежесіне қарай кәдімгі күнделікті өмір тәжірибесінен алынып, қорытылған наным тіреніші екеніне көз жеткізеді. Аверроэс айтқандай, діннің бәрі шынында пайдалы болғанына қарамастан, оның негізінде жалғандық барын сезінеді. Ол жалғандықтың дәрежесі және сол дінді уағыздаушының таным-түсінігіне, мақсат-мүддесіне тікелей тәуелді екенін аңғарады. Дүние танымы ғылым-білімге табан тіреген дін басылары жалғандық бұлтын сейілтп, халықты имандылыққа шақырса, парасат пайымы төмен білімсіздері жеке бас мүддесі тұрғысынан келіп, дінді саясат құралына айналдырып,

уағызын соның ыңғайына қарай бейімдейтінін көреді. Мұның біріншісі – білім иесі озық ой келерін «құдайдың сүйген құлы» деп, оны пайғамбардай күтіп, құрметтеуге шақырса, соңғылары оларды құдай қарғаған жандар етіп көрсетіп, олардың тезірек көзін жоюға үндейді. Бұған дәйекті деректер Дрэпер кітаптарында баршылық. Мысалы, ислам дінінің туын көтерушілердің бірі, Бағдат халифасы әл-Мамун: «Олар (ғалымдар, – Қ.С.) – құдайдың сүйіктілері, олардың тамаша да пайдалы қызметшілері. Өмір олардың ақыл-ойын жетілдіруге арналған. Өйткені даналық ұстаздары – бұл әлемнің шынайы шамшырақтары, заң шығарушылары. Олардың көмегінсіз әлем надандық пен тағылықтың құрсауына қайтадан түсер еді» деп түсіндіріп, білімді ақыл-ой иелерінен үлгі алуға шақырса, инквизиция дәуірінің дін басыларының бірі доминикандық Торквемада 18 жылдың ішінде өзгеше ой иесі болғандығы үшін 10 мың 220 адамды тірідей өртеткізіп, 97 мың 320 адамды түрмелерге тыққызған. Құдай деп қорқуды, адам деп аяушылықты білмеген топас дін басылары жазықсыз жандарды өлтірте беруден ешқандай шімірікпеген. Базье қаласын аларда дінсіздерді аяусыз қыруға тапсырма алған жауынгер аббат Арнольдтан: «Католиктерді еретиктерден қалай айырамын», – деп сұрайды. Сонда аббат: «Кездескеннің бәрін қыра бер, жақтастарын құдайдың өзі айырып алады» дейді. Осындай құдайдың өзі ажыратып аладының салдарынан Лаворский түбінде 400 адам бір жерде бір алауға өртеледі.

Тағы бір мысал. Мұсылман һарон ар-Рашид халифа оқу-білім жұмысын басқаруды несториан – христиан Иоан Мазуэ дегенге сеніп тапсырса, христиан кардинал Хименес Гранада алаңында 80 мың араб кітабын өртетіп жібереді.

Міне, осылар тәрізді сан алуан тарихи деректерді ой елегінен өткізе келіп, Абай әр түрлі дінді тұтынған халықтардың әр түрлі атағанмен олардың әйтеуір жаратушы деп мойындаған бір мықтының барына шек келтірмейтініне ден қояды. Сол жалғыз жаратушы мықтыны уағыздаушылардың, соның жолын тұтынушылардың өз таным өресіне қарай жақсылықты, жамандықты істерді өз шариғатына сыйғызып жасай беретінін көреді. Осыдан

келіп, Абай «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», – деп, бір Алланың барына күмән келтірмейді, оған бар болмысымен сенеді. Бірақ ол «Алланың жолы осы, осылай істе» деушілерге кім болса да күдікпен қарайды. Олардың сөзі алланың сөзі емес, ақыл-ой таразысына салып, ар ұялмас іс қыл дейді. «Ынталы жүрек, шын көңіл, өзгесі хаққа қол емес» дейді.

«Алла іпінді айтқызбай біледі, ойла,
Пендесіне қастықпен кінә қойма.
Распенен таласпа мүмін болсаң,
Ойла, айттым, адамдық атын жойма!

Міне, «діншіл» Абайдың, ұстаз Абайдың ұрпағына айтар өсиеті – осы. Ол адамгершілік сезімі терең жүрегі махаббатқа толы кісіні діні дұрыс адам деп есептейді. Дін – адамның көңілі, адамгершілік қасиеті деп түсіндіреді. Сондықтан басына сәлдесін орап, бес уақыт намазын қаза жібермей, ораза ұстап жүргендердің бәрін діні дұрыс адамдар қатарына қоспайды. Себебі, «ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған қаж ешбір ғибадат орнына бармайды», – дейді. Алланың ақиқаттығын ғылым жолымен танып, шын көңіл мен бар ықыласын аударып, махаббат тұтуды керек етеді. «Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақылық һәм адамдық-дүр», – дейді.

Абайдың дінге деген көзқарасы – оның дүниетанымының аясының қаншалықты кеңдігін, түсінік өресінің қаншалықты биіктігін көрсетер күрделі бір саласы. Солай дегенмен де кешегі атеистік насихат кеңірек қанат жайған советтік заманда абайтанудың бұл саласына саясат салқыны көбірек тигені, соған орай абайтанушылардың Абайдың діншіл еместігін, қожа-молдаларға қарсы болғанын айтуға ерекше күш салып келгені әркімге де аян.

Ал шын мәнінде солай ма еді? Абай дінге сенбейтін бе еді? Жоқ, сенетін. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп, бір жаратушының барына шәк келтірмейді. Сондықтан да жер ортасы жасқа келіп, жақсы-жаманды бірдей көріп, өмірлік көзқарасы қалыптасқан Абай тірлігіне тіреніш еткен, халқына қамқор, жұртына пана болар деп күткен оқымысты баласы Әбдірахман (Әбіш) науқастанып жатқанда: «А, құдай, бере гөр, тілеген тілекті»

деп, жаратушысына жалбарынады, «зар етсе пендесі, бермей ме Алласы» деп үміттенеді, «жүрегім суылдап, сүйегім шымырлап, Алладан тілеймін, құпия сыбырлап» деп жан сырын жариялайды. «Бұл, – Мұхаң, Мұхтар Әуезов айтқандай, Абай басына келген соқпа күй емес. Көңілдің сынып жамалып отыратын әлдеқалайы да емес. Өмірінің қысылтаяң шағында айтылған шыны». Бұл – ақынның, Абайдың өзі мойындаған шындығы.

Алайда Абайдың діншілдігі, жаңа айтқанымыздай, сәулесіз көкіректе ұялаған соқыр сезімнің ой-сананы тұмалдырықтап, тұмшалаған фанатиктің бас шұлғуы емес, өмір болмысының ақиқатынан ой қорытқан, оны таным пайымымен сабақтастырған сыншыл ақыл иесінің діншілдігі. Оны алланың бір, пайғамбардың хақтығына ұйыған көп діндарлардан бөлектеп, оқшау шығарып, даралайтын да – осы қасиеті. Ол дін уағызымен адамзат баласын «мұсылман», «кәпір» деп жіктемейді. Абай үшін адамзат баласының бәрі – бауыр. Сондықтан да ол сөз ұғар есті құлаққа:

Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп,
Және хақтың жолы осы деп әділетті, –

деп үн катады. Дінге сенген Абайдың ұстанған бағыты, таймас темірқазығы – осы. Осыдан келіп, Абай ұстанған жол, ол тұтынған дін – ақыл деген тоқтамға келеміз. Иә, Абай ұстанған дін – ақыл діні. Оның қожа-молдаларға қарсылығы да осыдан. Анығына келгенде Абай қожа-молдалардың өзіне емес, олардың көбінің дін бұзар надандығына, сезімсіз топастығына, ауызда бар, жүректе жоқ алласын оңай олжаға, тегін түсер табысқа қиналмай айырбастап кете берер арсыздығына қарсы.

Осы орайда ертеңінің қамын жеген Абайдың даналық көрегендігіне еріксіз қайран қаласыз. Несіне жасырамыз, дінді Абайша түсінбеуді, дінге қарсы ұзақ жылдар бойғы жүргізілген атеистік тәрбиенің салдарынан совет елінің өзге жұрттарымен бірге біздің халқымыздың арасынан да не алладан қорықпайтын, не өкімет заңын мойындап, сыйламайтын, не обал-сауаптың жөнін білмейтін, адалдық пен арға, адамшылық пен имандылыққа өгей тұтас бір ұрпақ өкілдерінің өсіп, қалыптасқанын қазір газет-

журналдарымыз жабыла күйініп жазып жатқан жоқ па. Бұл – әрине, баршамыздың ортақ қасіретіміз. Сондықтан да онымен қазір ел болып күресіп, тезірек жою жолын бірлесе іздеу – парыз. Ол үшін ғасырлар бойы халқымыздың қанына сіңіп, ізгі қасиеттерін тәрбиелеуге ықпал еткен діни тағылымдарды, наным-сенімдерді пайдаланудың ешқандай әбестігі болмаса керек. Бұл ретте Абайдың өзі оқыған кітаптардан алған адамгершілік, гуманистік, бұқарашылық идеяларға қоса, өз халқы тұтынып жүрген дінінің де керекке жарайтын жақтарын алып, өзінің ұстаздық, тәрбиелік керегіне жаратуға ұмтылған өнегесі бізге үлгі болуға тиіс. Асылы, Абай танымнан алар тағылым мол. Тек соны парасаттылықпен, білімділікпен игере білейік.

ТҮСІНІКТЕР

1. Тасмағамбетов И.Н. Абай – пікіріміздің пірі, рухымыздың туы. Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының Абайдың 150 жылдығына арнап өткізген мерекелік сессиясының ашылуындағы сөз. 1995 жыл 8 тамыз // Баспасөз бетінде жарияланған: Абай туралы сөз. – Алматы, 1996. – 25-29-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Сұлтанов Қ. Абай – адамзатқа ортақ тұлға. ЮНЕСКО-ның мәдениет саласындағы комиссиясы мәжілісінде 1993 жылғы 2 қарашада сөйлеген сөзі // Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 1993. – қараша; Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. – Астана: Елорда, 2005. – 6-11-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Жолдасбеков М. Абайша сүйіп, Абайша күйіп жүрміз бе? // Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 2008. – 26 қараша; Жолдасбеков М. Жеті томдық шығармалар жинағы. 4-том. Асылдарым. Эсселер. Ойлар. Тебіреністер. – Астана: Күлтегін, 2012. – 55-74-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Абдрахманов С. Абайдың аударма лирикасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абдрахманов С. Төлума мен телума (зерттеу). – Астана: Елорда, 2007. – 171-202-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Нәрібаев К. Абай – тұтас бір әлем. Баспасөз бетінде жарияланған: Нәрібаев К. Тұлғаларға тағзым. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, 2012. – 50-52-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Жұмаділов Қ. Біз Абайды танып болдық па? Баспасөз бетінде жарияланған: Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 12-том. – 289-296-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ысқақбай М. Абай шеберлігі хақында. Баспасөз бетінде жарияланған: Ысқақбай М. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2007. – V том. – 285-307-беттер (мақаланың «Шеберлік асуында» деп аталатын екінші бөлімі берілді); Абай институтының вебсайты.
8. Жарықбаев Қ. Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ағартушысы. Баспасөз бетінде жарияланған: Жарықбаев Қ. Абай – қазақ халқының ұлы ағартушысы. – Абай институтының вебсайты.
9. Салғарин Қ. Абай танымнан – тағылым. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және қазіргі заман: зерттеулер жинағы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 99-111-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Ғаббасов С. Абайдың педагогикалық көзқарасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және ұлттық идея. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құрастырғандар: Т. Өлібек, А. Сейітова. – Алматы: М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2005. – 99-112-беттер; Абай институтының вебсайты.

11. Сыздықов К. Абайдың әсемдік танымы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және ұлттық идея. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құрастырғандар: Т. Өлібек, А. Сейітова. – Алматы: М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 2005. – 65-71-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Көбесов А. Өл-Фараби мен Абай. Баспасөз бетінде жарияланған: Көбесов А. Өл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда: Зерттеу еңбек. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 58 б.; Абай институтының вебсайты.
13. Нұрғали Р., Рсаев Т. Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі. Баспасөз бетінде жарияланған: Нұрғали Р. Сырлы сөз. Әдеби сын, зерттеу. – Алматы: Жазушы, 2000. – 340-360-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Сейдімбеков А. Абай және Ренессанс. Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 1995. – 29 наурыз; Абай институтының вебсайты.
15. Досжан Д. Ақылдың қыры. Баспасөз бетінде жарияланған: Досжан Дүкенбай. Шығармалары. IV томдық. – Астана: Фолиант, 2008. – 3-том. – 380-395-беттер; Абай институтының вебсайты.
16. Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану (мұғалімдерге көмекші құрал). – Алматы: Мектеп, 1968 (кітаптың осы тақырыппен аталған бөлімі берілді). Абай институтының вебсайты.
17. Әсемқұлов Т. Абайдың ұлы жұмбағы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай. – 2010. – № 1. – 30-37-беттер; Абай институтының вебсайты.
18. Атабаев Қ. «Қазақ» газеті – екінші Абай мектебі // Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №5. – 73-75-беттер; Абай институтының вебсайты.
19. Созақбаев С. Абай заң жүйесіне енгізген өзгерістер. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай. – 2005. – №1. – 42-47-беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМҰНЫ

Тасмағамбетов И. Абай – пікіріміздің пірі, рухымыздың туы.....	3
Сұлтанов Қ. Абай – адамзатқа ортақ тұлға.....	9
Жолдасбеков М. Абайша сүйіп, Абайша күйіп жүрміз бе?	14
Абдрахманов С. Абайдың аударма лирикасы	36
Нәрібаев К. Абай – тұтас бір әлем	64
Жұмаділов Қ. Біз Абайды танып болдық па?	68
Ысқақбай М. Абай шеберлігі хақында	75
Жарықбаев Қ. Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ағартушысы	100
Салғарин Қ. Абай танымнан – тағылым	111
Ғаббасов С. Абайдың педагогикалық көзқарасы	121
Сыздықов К. Абайдың әсемдік танымы	135
Көбесов А. Әл-Фараби мен Абай	142
Нұрғали Р., Рсаев Т. Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі	179
Сейдімбеков А. Абай және Ренессанс	218
Досжан Д. Ақылдың қыры.....	229
Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану туралы	246
Әсемқұлов Т. Абайдың ұлы жұмбағы	268
Атабаев Қ. «Қазақ» газеті – екінші Абай мектебі.....	280
Созақбаев С. Абай заң жүйесіне енгізген өзгерістер	286
Түсініктер	296

Оқу басылымы

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
VI том
Ойлар мен толғаныстар

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүрәділ

Редакторы *К. Мухадиева*
Компьютерде беттеген *Ү. Әбдіқайымова*
Мұқабасын безендірген *Қ. Өмірбекова*

ИБ№9135

Басуға 26.01.16 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 18,6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1511.
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.